

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын орындау үшін жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың тексеру парағы нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2011 жылғы 14 сәуірдегі № 02-02-18/57 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 16 мамырдағы № 135 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 22 маусымда № 7027 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 7 ақпандағы № 35 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 01-04-03/50нқ бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 07.02.2013 № 35 және ҚР Өңірлік даму министрінің 16.04.2013 № 01-04-03/50нқ бірлескен бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13, 15-баптарына және "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 27) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын орындау үшін жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалаудың тексеру жөніндегі тексеру парағының нысаны **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті (Е.Б. Қанағатов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт комитетінің төрағасы Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрық ресми бірінші жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Туризм және спорт министрі

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму
және сауда министрінің
міндетін атқарушы

_____ Т. Ермагияев

_____ М. Құсайынов

Қазақстан Республикасы

Туризм және спорт министрінің

2011 жылғы 14 сәуірдегі

№ 02 - 02 - 18 / 57 және

Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда

министрінің м. а .

2011 жылғы 16 мамырдағы № 135

бірлескен бұйрығымен бекітілген

нысан

**Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы
заңнамасын орындау үшін жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел
дәрежесін бағалаудың тексеру парағы**

Тексерісті белгілеген уәкілетті немесе
жергілікті атқарушы орган _____

Нұсқама _____

(№ , күні)

Жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе

заңды тұлғаның атауы _____

СТН (ЖСН, БСН) _____

Жеке кәсіпкердің мемлекеттік тіркелгені туралы куәлігі (жеке тұлғалар үшін),
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы куәлігі
(заңды тұлғалар үшін) _____

Орналасқан орнының мекенжайы _____

р/с №	Талаптар	болуы/болмағаны	Ескерту
1.	Спорт ғимараттарын пайдаланудың сенімділігі бөлігінде, беріктілігіне техникалық тексеру актісінің болуы		
2.	Спорт ғимаратының санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы нормалар мен талаптарға сәйкестігі туралы қорытындының болуы		

3.	1) заңды тұлғалар үшін – "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімі бар жаттықтырушы-оқытушылар құрамының болуы; 2) жеке тұлғалар үшін – "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімінің немесе "дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіптік білімі бар қызметкермен еңбек шартының болуы		
4.	Тұрақты білікті медициналық қызметтің болуы		

Лауазымды тұлғалар _____
(л а у а з ы м) (қ о л ы)

_____ (л а у а з ы м) (қ о л ы)

Жеке немесе заңды тұлға _____
(Т.А.Ә., лауазым) (қолы)